

## **Баянауыл ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімінің 2026 жылғы 26 қаңтардағы № 1/01 шешімі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабы 8-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Баянауыл ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы кезекті отырысының №8 хаттамасы негізінде, Баянауыл ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Келесі шешімдердің күші жойылды деп танылсын:

1) "Павлодар облысы Баянауыл ауданы Майқайың кенті аумағында жергілікті ауқымдағы техногенді сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" Баянауыл ауданы әкімінің 2024 жылғы 01 наурыздағы № 3/03 шешімі;

2) "Павлодар облысы Баянауыл ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" Баянауыл ауданы әкімінің 2025 жылғы 23 маусым № 3/06 шешімі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Ксентаев*